

2008 жылғы 1 қарашадағы банк секторының ағымдағы жай-күйі¹

Қазақстанда 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 36 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 34 банк, банктердің 35 филиалы және 375 қосымша үй-жайлары орналасқан.

Банк секторының құрылымы	1.01.08	1.11.08
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	35	36
- жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысы бар банктер ²	1	1
Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	352	379
Екінші деңгейдегі банктердің қосымша үй-жайларының саны	2029	2 159
Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	17	15
Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны	26	30
Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	33	34
Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктердің саны	10	11

Капитал. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық есептік меншікті капиталының³ мөлшері 2008 жылдың басынан бастап 192,5 млрд. теңгеге (10,8%-ға) ұлғайды және 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 1 972,7 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 19,5%-ға 1 534,0 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 8,6%-ға немесе 510,9 млрд. теңгеге дейін азайды.

млрд. теңге

Атауы	01.01.2008	01.11.2008	Өсімі, %-бен
1-ші деңгейдегі капитал	1 284,0	1 534,0	19,5
Жарғылық капитал	940,2	989,0	5,2
Қосымша капитал	3,8	4,8	26,3
2-ші деңгейдегі капитал	558,9	510,9	-8,6
Реттелген борыш	460,9	462,6	0,4
3-ші деңгейдегі капитал	1,7	1,1	-35,3
Банк инвестициялары ⁴	64,4	73,3	13,8
Барлық меншікті есеп айрысу капиталы	1 780,2	1 972,7	10,8

2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша банк секторының меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері k1 – 0,12 (0,06 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,05), k2 – 0,15 (0,12 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,10) болды.

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	1.01.08	1.11.08
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,11	0,12
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,14	0,15
Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,20	0,22
Меншікті капиталдың несие портфелі бойынша құрылған провизияларға қатынасы	3,41	2,23
Есептік меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,34	0,41
Есептік меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	13,55	6,00

Сонымен бірге, жылдың басынан екінші деңгейдегі банктер балансы бойынша меншікті капитал 78,3 млрд. теңгеге (5,5%) өсті және есепті күнге 1 503,4 млрд. теңгені құрады.

Активтер. 2008 жылғы қазанда банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 426,9 млрд. теңгеге (3,4%-ға) азайды және есепті күнге 12 073,4 млрд. теңге болды.


Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	1.01.08		1.11.08		Өсімі, (%-бен)
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	1 013,1	8,7	942,4	7,8	-7,0
Басқа банктерде орналастырылған салымдар	642,5	5,5	795,4	6,6	23,8
Бағалы қағаздар	787,8	6,7	950,3	7,9	20,6
Банктік займдар және «кері РЕПО» операциялары	8 868,3	75,9	9002,0	74,6	1,5
Капиталға инвестиция	222,5	1,9	298,3	2,5	34,1
Басқа активтер	150,40	1,3	85,0	0,6	-43,5
Активтердің барлығы	11 684,6	100	12 073,4	100	3,3

Банктер активтерінің құрылымында банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары (74,6%), қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар (7,8%), бағалы қағаздар портфелі (7,9%), басқа банктерде орналастырылған салымдар (6,6%) үлкен үлес алады. Ағымдағы жылдың басынан бастап банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары – 133,7 млрд. теңгеге немесе 1,5%-ға өсті, қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар – 70,7 млрд. теңгеге немесе 7,0%-ға азайды, бағалы қағаздар – 162,5 млрд. теңгеге немесе 20,6%-ға өсті, басқа банктерде орналастырылған салымдар – 152,9 млрд. теңгеге немесе 23,8%-ға өсті, капиталға инвестиция – 75,8 млрд. теңгеге немесе 34,1%-ға өсті.


Жылдың басынан бастап баланс бойынша⁴ мерзімі өткен берешек 100,5 млрд. теңгеден 149,3 млрд. теңгеге өсті және есепті күнге 249,8 млрд. теңге болды.

Мерзімі өткен сыйақы көрінісі бойынша шоттардағы қалдықтар жылдың басынан 32,2 млрд. теңгеге немесе 2,9 есеге өсті және 2008 жылғы 1 қарашада 49,6 млрд. теңгені құрады.

1.01.08ж. жасдай бойынша банк секторы активтерінің құрылымы (%)



1.11.08ж. жағдай бойынша банк секторы активтерінің құрылымы (%)



Жыл басынан бастап жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері 621,7 млрд. теңгеге (4,6%-ға) 13 999,4 млрд. теңгеге дейін өсті.


Стандартты активтер мен шартты міндеттемелердің үлес салмағы 63,1% болды, күмәнділер үлесі – 41,6%-дан 34,6%-ға дейін азайды, үмітсіз активтер мен шартты міндеттемелер үлесі 2,3% болды.

Активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының динамикасы	1.01.08		1.11.08	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығында %-бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге
Барлық активтер мен шартты міндеттемелер	13 377,7	100	13 999,4	100
Стандартты	7 677,7	57,4	8 688,5	62,1
Күмәнді	5 559,9	41,6	4 970,8	35,5
1-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 266,8	31,9	2 803,8	20,0
2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	578,1	4,3	351,0	2,5
3-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	543,2	4,1	1 400,5	10,0
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	63,1	0,5	211,5	1,5
5-санатты күмәнді	108,7	0,8	204,0	1,5
Үмітсіздері	140,1	1,0	340,1	2,4


Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 39,7%-дан 43,2%-ға дейін өсті, күмәнді кредиттердің үлесі 58,8%-дан 53,1%-ға дейін азайды, бұл ретте үмітсіз кредиттердің үлесі 1,5%-дан 3,7%-ға дейін өсті.

Несие портфелі сапасының динамикасы	1.01.08		1.11.08	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығында %-бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығында %-бен
Несие портфелінің барлығы	8 868,3	100	9 002,0	100
Стандартты	3 518,2	39,7	3 892,9	43,2
Күмәнді	5 218,7	58,8	4 780,4	53,1
1-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	3 950,4	44,5	2 639,7	29,3
2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	572,2	6,5	346,1	3,8
3-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	533,4	6,0	1 393,2	15,5
4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	57,9	0,6	209,0	2,3
5-санатты күмәнді	104,8	1,2	192,4	2,2
Үмітсіздері	131,4	1,5	328,7	3,7

1.01.08ж. несие портфелінің сапа бойынша құрылымы (%)




1.11.08ж. несие портфелінің сапа бойынша құрылымы (%)



Нақты қалыптастырылған провизиялар сомасы 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 883,8 млрд. теңге болды немесе екінші деңгейлі банктердің несие портфелінің 9,8% құрайды. Ағымдағы жылдың басынан провизиялар 362,2 млрд. теңгеге немесе 69,4% көбейді. 2008 жылғы 1 қарашадағы жалпы провизиялар берілген несиелер бойынша қалыптастырылған провизия сомасының 0,03% немесе 0,3 млрд. теңгені құрады. Арнайы провизиялар жылдың басымен салыстырғанда 69,5% көбейіп, 883,6 млрд. теңгені құрайды.

Екінші деңгейдегі банктер қалыптастырған провизиялар (млрд. теңге)




Міндеттемелер. 2008 жылдың басынан екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 310,5 млрд. теңгеге (3,0%-ға) ұлғайды да, есепті кезеңнің соңына 10 570,7 млрд. теңге болды.


Банк секторының жиынтық міндеттемелері құрылымында арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары 236,9 млрд. теңгеге немесе 9,4%-ға азайды, жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер 28,7 млрд. теңгеге немесе 2,0%-ға өсті, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған займдар 261,4 млрд. теңгеге 1 536,8 млрд. теңгеге дейін азайды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.08		1.11.08		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Банкаралық салымдар	319,9	3,1	239,1	2,3	-25,3
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған займдар	1 798,20	17,5	1 536,8	14,5	-14,5
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған займдар	7,7	0,1	22,6	0,2	2,9 есе
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған займдар	85,1	0,8	92,1	0,9	8,2
Заңды тұлғалардың салымдары	2 447,1	23,9	3 268,5	30,9	33,6
Жеке тұлғалардың салымдары	1 447,9	14,1	1 476,6	14,0	2,0
Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	2 529,0	24,7	2 292,1	21,7	-9,4
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	467,6	4,6	410,8	3,9	-12,1
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	245,4	2,4	176,2	1,7	-28,2
Өзге міндеттемелер	911,60	8,8	1 055,2	9,9	15,8
Міндеттемелердің барлығы	10 259,50	100	10 570,0	100	3,0

1.01.08ж. жасдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)



1.11.08ж. жасдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)



Заңды және жеке тұлғалардың салымдары⁵ 2008 жылдың басынан 613,2 млрд. теңгеге немесе 9,5%-ға ұлғайды және 2008 жылғы 1 қазанда 7 037,2 млрд. теңге болды. Жылдың басынан жеке тұлғалардың салымдары 2,0%-ға немесе 28,7 млрд. теңгеге өсті. Заңды тұлғалардың салымдары 33,6%-ға немесе 821,4 млрд. теңгеге өсті.

Клиенттердің салымдары	1.01.08г.		1.11.08г.		Өсімі, %-бен Прирост, в %	
	барлығы	оның ішінде шет. валюта-сында	барлығы	оның ішінде шет. валюта-сында	барлығы	оның ішінде шет. валюта-сында
Салымдардың барлығы, оның ішінде:	6 424,0	3 807,8	7 037,2	4 068,9	9,5	6,9
Заңды тұлғалардың салымдары	2 447,1	786,1	3 268,5	1 327,7	33,6	68,9
Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	2 529,0	2 476,9	2 292,1	2 245,9	-9,4	-9,3
Жеке тұлғалардың салымдары	1 447,9	544,7	1 476,6	495,3	2,0	-9,1

ҚР резиденті еместерге қойылатын талаптар. Ағымдағы жылдың басынан резидент еместерге қойылатын талаптардың мөлшері 246,2 млрд.теңге (9,1%) өсті және есепті күнге 2 949,3 млрд.теңге болды. Екінші деңгейдегі банктер активтерінің жалпы сомасында резидент еместерге қойылатын талаптардың үлесі 24,4% болды. Резидент еместерге қойылатын талаптардың құрылымында негізгі үлесті банктік займдар мен «кері РЕПО» операциялары алуда - 49,8% немесе 1 468,1 млрд. теңге, басқа банктерде орналастырылған салымдар 20,6% немесе 606,4 млрд.теңге негізгі үлес алды.

Банк секторының ҚР резиденті еместерге қоятын жиынтық талаптардың динамикасы және құрылымы	1.01.2008		1.11.2008		Өсімі %-бен
	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	млрд. теңге	жиынтығына %-бен	
Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар	330,5	12,2	357,9	12,1	8,3
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	492,2	18,2	606,4	20,6	23,2
Бағалы қағаздар	321,6	11,9	260,5	8,8	-19,0
Банктік займдар және "кері РЕПО" операциялары	1 413,6	52,3	1 468,1	49,8	3,9
Капиталға инвестиция	60,1	2,2	124,5	4,2	107,2
Өзге активтер	85,1	3,2	131,9	4,5	1,6 есе
ҚР резидент еместері алдындағы талаптардың барлығы	2 703,1	100	2 949,3	100	9,1

ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер. 2008 жылдың басынан екінші деңгейдегі банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің жалпы сомасы 725,4 млрд.теңгеге (13,3%) азайды және есепті кезеңнің соңына 4 738,4 млрд.теңге болды. Екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасында резидент еместер алдындағы міндеттемелердің үлесі 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жылдың басымен салыстырғанда 846 базистік тармаққа азайып, 44,8% болды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.2008		1.11.2008		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Банкаралық салымдар	154,6	2,8	133,9	2,8	-13,4
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған займдар	1 709,00	31,3	1 425,6	30,1	-16,6
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған займдар	85,1	1,6	92,1	1,9	8,2
Заңды тұлғалардың салымдары	154,7	2,8	96,5	2,0	-37,6
Жеке тұлғалардың салымдары	29,2	0,5	32,3	0,7	10,6
Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары	2 529,0	46,3	2 292,1	48,4	-9,4
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	316,1	5,8	242,5	5,1	-23,3
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	121,8	2,2	20,0	0,4	-83,6
Өзге міндеттемелер	364,3	6,7	403,4	8,6	10,7
ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелердің барлығы	5 463,8	100	4 738,4	100	-13,3

Өтімділік. 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мерзімді және мерзімді валюталық өтімділікті 7, 30 және 90 күнге дейін реттеуге бағытталған өтімділік бөлігіндегі түзетулер күшіне енді.

2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша өтімділікті есептеуге көзделген өзгерістерді ескергенде 7, 30 және 90 күнге дейін мерзімді өтімділік коэффициенттерін бұзу анықталмады.

Бұл ретте жалпы банк жүйесі бойынша 2008 жылғы 1 қарашада:

7 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-1) нормативі 1 болған кезде 4,9 болды,

30 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-2) нормативі 3,2 болған кезде 0,9 болды,

30 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (к4-3) нормативі 1,6 болған кезде 0,8 болды.

Көрсеткіш атауы	1.08.2008	1.09.2008	1.10.2008	1.11.2008
мерзімді өтімділік к4-1 (min мәні 1)	4,4	4,5	4,7	4,9
мерзімді өтімділік к4-2 (min мәні 0,9)	3,1	2,7	3,6	3,2
мерзімді өтімділік к4-3 (min мәні 1)	2,0	2,0	2,1	1,6

мәні 0,8)			
-----------	--	--	--

Кірістілік. 2008 жылғы 1 қарашада екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 65,3 млрд. теңге мөлшерінде (2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша – 198,8 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 2 348,9 млрд. теңге болды (2007 жылғы 1 қарашада – 1 449,8 млрд. теңге), шығыстар – 2 255,8 млрд. теңге (2007 жылғы 1 қарашада – 1 209,8 млрд. теңге) болды.

Банк секторының кірістілігі	1.10.07	1.11.08	млрд. теңге
			өзгеруі, (+;-), %-бен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	886,8	1 214,5	20,7
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	470,0	656,6	23,7
Сыйақы алуға байланысты таза кіріс	416,8	557,9	17,4
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	382,7	1 134,4	2,6 есе
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	578,1	1 599,1	2,4 есе
Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)	-195,4	- 464,7	2,0 есе
Көзделмеген баптар	0,9	-	
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	221,7	93,1	-61,3
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	37,3	27,9	-33,0
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	184,4	65,3	-67,2


Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген займдар бойынша (90,8% немесе 1 102,9 млрд. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша төленген сыйақыларға байланысты шығыстар (65,3% немесе 428,5 млрд. теңге) орын алады. Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA) 0,98% (01.11.07ж. жағдай бойынша – 3,36%) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE) – 7,99% болды (01.11.07ж. жағдай бойынша – 31,42%).

Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер	1.10.07	1.11.08
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	2,75	0,98
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің баланс бойынша меншікті капиталға қатынасы (ROE)	25,26	7,99
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	12,02	12,35
Кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфеліне қатынасы	14,68	14,84
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	28,11	67,79
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	7,17	7,58
Резерв жасау шығыстарының жиынтық активтерге қатынасы	2,49	8,69

Банк секторының шоғырлануы. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 3 ірі

банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 59,7% құрады, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 60,3% құрады. 3 ірі банктің банк секторының жиынтық несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 62,2% болды. 2008 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 59,7%-ы келеді.

Жиынтық банк секторынан үлес	1.01.08	1.11.08
Үш ірі банктің активтері	59,3	59,7
Үш ірі банктің міндеттемелері	59,6	60,3
Үш ірі банктің меншікті капиталы	57,0	55,3
Үш ірі банктің несие портфелі	61,4	62,2
Үш ірі банктің клиенттерінің салымдары ⁷ , оның ішінде:	64,6	59,5
- заңды тұлғалардың	65,0	59,3
- жеке тұлғалардың	63,1	59,7



Экономикадағы банк секторының рөлі

Қазақстан экономикасындағы банк секторының рөлін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы	1.01.02	1.01.03	1.01.04	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.11.08
ЖІӨ млрд.теңге ⁸	3 250,6	3 747,2	4 612,0	5 870,0	7 453	10 139,5	12 726,0	15 046,7
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	36,3	45,8	60,6	87,5	91,8	80,2
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	23,6	30,9	41,1	59,1	69,7	59,8
Есептік меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,1	5,9	7,9	11,5	14,0	13,1
Клиенттер салымдарының ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,0	18,6	21,1	27,4	33,9	46,5	50,5	31,5

¹ - 01.11.08ж. жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» АҚ деректері есепке алынбай ұсынылған;

² - "Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ;

³ – уәкілетті орган бекіткен Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні және әдістемесі туралы нұсқаулыққа сәйкес;

⁴ - банктердің заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлесі) инвестициялары (банк салымы), сондай-ақ жиынтық мөлшері меншік капиталының есебінен шығарылған бірінші деңгейлі капитал және екінші деңгейлі капитал сомасының он пайызынан асатын заңды тұлғаның реттелген борышы.

⁵ – баланс бойынша мерзімі өткен берешекке клиенттердің займдар, факторинг, форфейтинг, қаржы лизингі бойынша берешектері кіреді (1306, 1309, 1327, 1328, 1409, 1421, 1423, 1424 шоттар); займдар бойынша мерзімі өткен сыйақы 1741, 1731, 1734 б/шоттарында көрсетілген

⁶ - 2222 «Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары» шоты ескерілген;

⁷ – клиенттердің салымдары туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шоттары ескеріліп ұсынылған;

⁸ – 2007 жыл үшін – 12 726,0 млрд. теңге Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің нақтыланған деректері бойынша;

- 2008 жылға – 15 046,7 млрд. теңге Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің болжамды деректері бойынша;